

КӨРМЕ ҚЫЗМЕТІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
25 наурыз 1994 ж. N 299. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы
27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Шет елдермен сауда-экономикалық байланысты дамыту және көрме қызметін
мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Көрмелер өткізу жөніндегі Ведомствоаралық кеңес мынадай құрамда
құрылсын:

Метте В.Л. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
бірінші орынбасары (Кеңес төрағасы)<*>

Абдоллаев Қ.А. - "Қазақстанның "Атакент" іскер ынтымақтастық
орталығы" акционерлік қоғамының президенті (Кеңес
төрағасының орынбасары)

Рақышев Х.К. - Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп
палатасының төрағасы (Кеңес төрағасының
орынбасары)

Лопатко И.В. - Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық
байланыстар министрлігі басқарма бастығының
орынбасары (Кеңес хатшысы)

*Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.04. N 400
Қ а у л ы с ы м е н .*

2. Кеңес төрағасы мүдделі министрліктердің, ведомстволардың және
ұйымдардың қатысуымен Кеңес мүшелерінің жеке құрамын айқындасын.

3. Көрмелерді өткізу жөніндегі Ведомствоаралық кеңес Кеңес туралы ережені
әзірлесін және бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар
министрлігі және Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы
министрліктермен, ведомстволармен, концерндермен және холдинг
компанияларымен бірлесіп, республика экономикасының мүддесіне орай,
республикада халықаралық, мамандандырылған, әмбебап және тақырыптық
көрмелер, жәрмеңкелер, семинарлар, іскер кездесулер өткізудің жоспарын жыл
сайын әзірлеуді қамтамасыз етсін.

5. "Қазақстанның "Атакент" іскер ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамы Алматы қаласында республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізуге арналған негізгі материалдық-техникалық база ретінде а й қ ы н д а л с ы н .

6. "Қазақстанның "Атакент" іскер ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамы облыс әкімдерінің, министрліктердің, ведомстволардың, холдингтердің және мүдделі ұйымдардың қатысуымен "Қазақстанның "Атакент" іскер ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамы павильондарының бірінде Қазақстан кәсіпорындары өнімдерінің тұрақты жұмыс істейтін экспозициясын қ ұ р а т ы н б о л с ы н .

7. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары " Қазақстанның "Атакент" іскер ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамының тапсырысы бойынша жарнамалық баспа өнімдерін шығаруды қ а м т а с ы з е т с і н .

8. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы, "Қазақстанның " Атакент" іскер ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамы мүдделі министрліктерге, ведомстволарға, концерндерге, холдинг компанияларына, ұйымдар мен кәсіпорындарға Қазақстан және шетелде жоспарланған халықаралық көрмелер, жәрмеңкелер, семинарлар және симпозиумдар туралы у а қ т ы л ы х а б а р л а п о т ы р а т ы н б о л с ы н .

9. Көрмелер өткізу жөніндегі Ведомствоаралық кеңес Қазақстанның көрмелері мен жәрмеңкелерін шетелдегі бас ұйымдастырушының, сондай-ақ халықаралық және шетелдік көрмелер мен жәрмеңкелерді республикада ұйымдастыратын Қазақстан жағын айқындайтын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі